

2024 – 2025 оқу жылында арнайы педагог И.Есімнің

атқарылған жұмыстардың жылдық

ЕСЕБІ

2024-2025 оқу жылының мақсаты оқушылардың даму деңгейінің дәрежесін анықтай отырып, дамуына ықпал ететін әдістемелермен жұмыс жүргізуден, берілген сабақ тақырыптарын меңгеруінен, ата-аналарға, мұғалімдерге кеңес беруден құралды.

Міндеттері:

- мамандармен және ата-аналармен бірлесе оқушы бойындағы қиындықты шешу жолдарын анықтау және түзету-дамыту жұмысының бірлік жүйесін жетілдіру;
- жоғары психикалық функцияларды және танымдық қызметін дамыту;
- ата-аналарға консультациялық көмек көрсету;
- балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда оң динамикаға қол жеткізу;
- ата-аналарды, отбасын түзете-дамыту процесіне тарту;
- ерекше білім беру қажеттілігі бар әр оқушыға жеке және топтық даму бағдарламасын құрастыру;
- өз білімдерін жетілдіру және өзара тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- Республикалық, облыстық, қалалық және мекеме деңгейіндегі семинар, конференция, педагогикалық оқуларға қатысу.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша және ПМПК-ның шешімінің негізінде, арнайы педагогтың түзете-дамыту сабағына 51 оқушы тізімге алынды.

Ұйымдастырушылық бағыт бойынша қыркүйек айында арнайы педагог кабинеті дайындалып, жұмыс кестесі құрылды. Қыркүйек айының алғашқы 2 аптасында оқушылармен диагностикалық зерттеу жүргізілді. Оқу жылы басында жылдық жоспар және бастауыш сынып оқушыларына №51 бұйрық бойынша, жоғары сынып оқушыларына №469 бұйрық бойынша күнтізбелік жасалып, сабақ кестесі құрылды. Әр оқушы бекітілген сабақ кестесі бойынша аптасына 2 рет келеді. Әр жеке сабақ 25-30 минут аралығында өтеді. Бекітілген 51 оқушыға түзете-дамыту бағдарламасы жасалынды. Түзету сабақтары сабақтан тыс кезінде өткізіледі.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды қолдау бағыты бойынша оқушылардың мүмкіндіктері зерттеу жұмысы мен сабақта бақылау жұмыстары қыркүйек айында жүргізілді. Қыркүйек айының басында диагностика жүргізіліп жеке түзете-дамыту бағдарламасы жасалды. Оқушылармен жеке және топтық сабақ кестелері жасалып, күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрылды. Ата-ана мен мұғалімдермен арасында

формаларды толтыру жұмысы, сұхбат, сауалнама алынды. Мектеп-интернат мамандары арасында оқушылардың мінездемесі қаралды.

Оқушыларды қолдау және оның тиімділігін бағалау бағыты бойынша жыл бойы оқушылармен жеке және топтық сабақтар жүргізілді. Оқушыларды сабақта бақылап жеке ерекшеліктеріне назар аударылды.

Оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Барлық оқушылармен аптасына 2 рет деңгейіне қарай жеке және топтық сабақ өтілді. Күнтізбелік тақырыптар бойынша бастауыш сынып оқушыларымен сабақтар жүргізілді. Әр өтілетін жаңа тақырыптарға сәйкес көптеген көрнекіліктер мен тапсырмалар, дидактикалық ойындар жасалды.

Жалпы және ұсақ моторика дамуы оқушыларда орташа деңгейде. Яғни:

- Қарындаш, қалам қолдана біледі;
- геометриялық фигураларды, қарапайым ою-өрнектерді, сызбаларды, әріптер мен сандардың элементтерін үстінен басып сызып, бояуға дағдыланды;
- арнайы педагог көмегімен сөйлей алатын оқушылар қысқа сөздерді буындай алады;
- құм терапиясымен жұмыс жасай біледі;
- Монтесорри элементтерінің ішінде құрастыру тақтайшаларын қолдана алады;
- саусақ жаттығуларын жасау өз беттерімен жасай алады;
- нейрогимнастикалық жаттығуларды көмекпен жасай алады.

Танымдық әрекеттерін дамыту жұмыстары әр сабақ сайын жүргізіліп отырады және жасай алады. Яғни:

- зейінді түзету және дамыту («Көргеніңді сал», «Айырмашылықтарды тап», «Дәл осы суретті тап» және т.б.);
- қабылдауды дамыту (3-5 бөліктен тұратын суреттер, қиылған суреттер, және т.б.);
- есту және көру жадтарын дамыту (дидактикалық ойындар «Не жетіспейді?», «Кімнің дауысы?» және т.б.);
- ауызша және логикалық ойлауды дамыту (дидактикалық ойындар «төртінші артық», «шатасу», «лабиринт» және т.б.)



бойынша сабақ

«Үй құстары» тақырыбы



«Жемістер мен көкөністерді тану және айыру» тақырыбы

«Жемістер мен көкөністерді тану және



«Пішіндер» тақырыбы



«Ұсақ қол моторикасын дамыту» жұмыстары



жүргізу жұмыстары

Нейрогимнастикалық жаттығуларды



Буындап оқу жұмыстары



Танымдық тапсырмалар: жоғалған бөлікті жармадан іздеп тауып, өз орнына орналастыру.

Кеңестік-әдістемелік қызмет бағыты бойынша жыл бойында ата-аналармен және мұғалімдермен тиімді қарым-қатынас орнатылып отырды. Ата-аналар мен мұғалімдердің қалауы бойынша баласы туралы, жүргізілетін жұмыстар туралы кеңестерді алып отырды кейбірі бірігіп жұмыс жасады.

13 қыркүйек күні 1-сынып ата-аналармен кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Кішігірім тренингтер жүргізіліп, ата-аналарға диагностикалық зерттеу жұмыстарымен ақпарат беріліп, жүргізілетін жұмыстармен таныстырылды.



28 қаңтар күні арнайы педагог «Бала дамуының ерекшеліктері: ата-аналарға кеңес» атты ата-аналармен жұмыс жүргізді.

Кеңес берудің мақсаты: Ата-аналарға баланың даму ерекшеліктері туралы толық ақпарат беру, түзету-дамыту жұмыстарының маңызын түсіндіру және үй жағдайында баламен тиімді жұмыс жүргізу жолдарын ұсыну.

Ата-аналарға берілген ұсыныстар

- Баламен күнделікті жүйелі түрде түзету-дамыту жаттығуларын орындау
- Баланың жетістіктерін мадақтап, мотивациясын арттыру
- Қарапайымнан күрделіге қарай тапсырмалар беру

- Сөйлеу тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды қолдану
- Баламен қарым-қатынаста сабырлылық пен түсіністік таныту
- Мамандармен (логопед, психолог) тұрақты байланыста болу

Қорытынды: Ата-аналар баланың даму ерекшеліктері туралы түсінік алды, үй жағдайында жұмыс жүргізудің нақты жолдарымен танысты. Қойылған сұрақтарға жауап беріліп, ұсыныстар қабылданды. Кеңес беру тиімді өтті. Ата-аналармен ынтымақтастық орнатылып, баланың дамуына қолдау көрсету бағытында бірлескен жұмыс жалғаса береді.



Өзін-өзі дамыту бағыты бойынша жыл бойында түрлі тақырыптармен баяндамалар дайындалып, мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылармен жұмыстар жүргізілді.

Қазан айында «Жаңадан келген оқушыларды диагностикалау және олардың бейімделу» тақырыбында педсоветте баяндама жасалынды.

Мақсаты: жаңадан келген оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау, олардың оқу процесіне бейімделу деңгейін бағалау және қажетті түзету-дамыту жұмыстарын жоспарлау.

Баяндама барысында диагностикалық жұмыстың мақсаты мен міндеттері, қолданылып жатқан әдістер, бейімделу кезеңінің ерекшеліктері, жүргізіліп жатқан түзету-дамыту жұмыстары мен ұсыныстары айтылып, қамтылды.

Мұғалімдерге ұсыныстар: Оқушыларға жеке тәсіл қолдану, қолдау мен мадақтауды күшейту, сабақта қолайлы психологиялық орта қалыптастыру



Өткізілген күні: 14.11.2024 жыл

Баяндама тақырыбы: «Ми дамыту жаттығулары. Нейрогимнастикалық жаттығулар мен ойындардың маңызы»

Қатысушылар: 1 «А» және 1 «Б» сынып оқушылары мен сынып жетекшілері

Арнайы педагог баяндама оқу барысында «Нейрогимнастика» дегеніміз не?, нейрогимнастика балаларға қалай әсер етіп, көмектесетіндігін, нейрогимнастикалық жаттығуларды жүйелі түрде орындау балаға мына жолдарда пайдасын тигізетіндігін айтып өтті:

- ұзақ мерзімді есте сақтау функцияларын жақсартады;
- қоршаған әлемнен келетін ақпаратты тезірек қабылдау мен өңдеуді қамтамасыз етеді;
- дене және ақыл-ой қабілеттерін арттырады (нейрогимнастиканың бұл пайдалы қасиеті әсіресе ауыр оқу жүктемесін біріктіретін және бір мезгілде спорт секцияларына баратын балаларға қатысты);
- оқу күнінің соңында пайда болатын шаршауды азайтады;
- когнитивті функцияларды жүзеге асыруға жауап беретін ми орталықтарының ойлау белсенділігін белсендіреді;
- қолдың белсенді қозғалғыштығына ықпал етеді;

«Піл», «Сағат», «Айқас қадамдар» және тағы басқа жаттығуларды тәжірибе жүзінде жасап көрсетті. Сонымен қатар мұғалімдерге нейрогимнастикалық жаттығуларды сабақтар жиі қайталап, қолдану ұсынылды.



Өткізілген күні: 12.12.2024 жыл

Баяндама тақырыбы: «Нумикон әдісімен жүргізілетін жұмыстар»

Қатысушылар: Бастауыш сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері

«Нумикон» - бұл 1996-1998 жылдары Англияда математиканы оқуда қандайда да бір қиындықтарға кездесетін балаларға арнайы әзірленген оқыту бағдарламасы мен көрнекі материалдар жиынтығы екендігін, «Нумикон» жүйесі бойынша оқыту арқылы ойлау, есте сақтау, қиял, зейін, қабылдау сияқты танымдық қабілеттерінің барлық түрлерін дамытуға болатындығын, осы жүйе арқылы түстерді, пішіндерді, көлемдерді түрлі ойындарды ойната отырып меңгертуге болатындығын көрсетіп, айтты. «Нумикон-негізгі деңгей» жиынтығымен орындалатын ойын түрлерімен, тапсырмаларымен таныстырды. Презентациямен көрсетіп, қолдан қосымша жасап, мұғалімдерге таратты.

Ұсыныстар: «Нумикон» әдісін математика сабақтарында жиі қайталап, қолдану ұсынылды.





Өткізілген күні: 28.01.2025 жыл

Тақырыбы: мектепшілік семинарда «Ата-аналарға оқушылардың танымдық іс-әрекетін ойын-жаттығулар арқылы дамыту жолдарымен таныстыру» іс-шарасы

Қатысушылар: Ата-аналар,

7 арнайы түзету мектеп-интернатымыздың арнайы педагогы Есім Инабат пен педагог-логопедтері Сейтман Гүлназ бен Ділдабаева Асел мектепте мұғалім мен ата - ананың бірігіп жұмыс жасауына, ата - ананың оқу - тәрбие саласындағы жаңалықтары, өзгерістерінен хабар алуына осындай іс-шаралардың маңызы ерекше екендігін айтып өтті. Өткізудегі негізгі мақсатымыз – ата-аналар арасында пікір алмасып, бой сергітіп, қызығушылық ояту екендігін айтты. Арнайы педагог балаларды тәрбиелеуде ата – ана мен мұғалімдердің жауапкершілігі мол екендігі айта отырып, іс-шара кезеңдерімен таныстырды.

Іс-шара 6 кезеңдерден тұрды.

1. «Кім тапқыр?» кезеңі
2. «Поле чудес» кезеңі
3. «Сәйкесін тап» ойыны
4. «Кім шапшаң?»
5. Қорытындылау
6. Кері байланыс

Ұсыныстар: Оқушылармен жұмыс барысында түрлі жаттығуларды жасауда баланың ерекшелігіне, жасына сай, қызығушылығына қарап, зерттеп жұмыс жасалыну ұсынылды.



<https://www.facebook.com/share/1GgQBAaMu7/?mibextid=wwXIfr>

Оқу жылының басында Білім және Ғылым қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің Құрмет Грамотасымен марапатталдым.

«Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері» атты мектепшілік семинарда «Оқушыларды танымдық іс-әрекетін ойын-жаттығулар арқылы дамыту» түрлерін көрсеткенім үшін Сертификат алдым.

Оқу жылының екінші жартыжылдығында логопед Ділдабаева Аселмен бірігіп «Балалардың жалпы сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері» атты әдістемелік құрал жасап шығардық.

21.04.2025-25.04.2025 Түзету пән бірлестігімізде «Театр – тіл дамыту құралы» тақырыбындағы апталық өтілді. 25 сәуір күні Мұғалімдер арасында «Ой мен ойын» атты сайыс өткіздім. Сайыс мақсатымыз – оқушылармен қатар мұғалімдер арасында пікір алмасып, бой сергітіп, қызығушылық ояту. Сайыста мұғалімдер белсенді болып, өте қызықты өтілді.

<https://www.facebook.com/share/1C4nHLLMVk/?mibextid=wwXIfr>





23 сәуір күні 2 «А» сынып оқушысы Кенжебай Нұралимен «Пішіндер» тақырыбында ашық сабақ өттім. Сабақтың мақсаты: Пішіндер туралы білімін қалыптастыру, оларды бір-біріне ажырата білуге дағдыландыру, пішіндерді түстері бойынша ажыратуға, ұлттық құндылық нақыштағы заттарды пішіндерге бөлуге үйрету, шығармашылық жұмыстануға бейімдеу. Танымдық процестерім дамыту.

Сабақты “Сүзгі” театры бойынша кейіпкерлер енгізу арқылы өтті. Сабақта “Лупа” әдісі арқылы заттардың пішіндерін анықтап, Learning apps платформасы арқылы ұлттық нақыштағы заттарды пішіндерге топтастырды. Түрлі тапсырмаларды орындап, оқушыға пішіндер туралы түсінігін қалыптастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1CVEWVREVN/?mibextid=wwXlfr>





Өткізілген күні: 05.05.2025 жыл

Тақырыбы: «Ерекше оқытуды қажет ететін балалардың қозғалыс іс-әрекетін дамытуға арналған ойындар»

Қатысушылар: Мектеп оқушылар

маман ерекше оқытуды қажет ететін балалардың қозғалыс дағдыларын дамыту олардың жалпы дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және денсаулығына оң әсер ететінін атап өтті. Қозғалыс ойындары арқылы балалардың үйлесімділігі, тепе-теңдігі, икемділігі және бұлшық ет белсенділігі дамиды.

Қозғалыс іс-әрекетін дамытуға арналған келесі ойын түрлері ұсынылды:

- «Кедергілерден өту» – балалар түрлі кедергілерден өтіп, тепе-теңдігін сақтауды үйренеді
- «Допты дәл тигіз» – дәлдік пен көз-қол координациясын дамытуға арналған
- «Түсті тап» – қозғалыс пен зейінді қатар дамытуға бағытталған
- «Қуып жет» – жылдамдық пен реакцияны арттырады
- «Жануарлар қимылы» – балалар жануарлардың қозғалысын қайталап, қимыл икемділігін дамытады

Ұсыныстар: Қозғалыс ойындарын күнделікті оқу-тәрбие процесіне енгізу, әр баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ойындарды бейімдеу, ойын барысында балаларды мадақтау және қолдау көрсету



Біліктілік арттыру жұмыстары бойынша мақала жазу және сабақ жоспарларын журналға уақытылы тапсыру – арнайы педагогтың кәсіби қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Жүйелі және жауапты түрде жүргізілген бұл жұмыстар білім беру процесінің сапасын арттыруға және педагогтың кәсіби дамуына оң әсерін тигізеді. Сондықтан оқу жылында «Шебер педагог» журналына «Үй құстары» тақырыбында сабақ жоспарын және «Педагог жанашыры» журналына «Интеллект бұзылысы бар балаларды педагогикалық әдістер арқылы түзету» тақырыбында мақала жарияладым.

Ғылыми-әдістемелік педагогикалық ақпараттық танымдық журналы

Шебер ПЕДАГОГ

№ 59 шілде 2024 жыл

Қазақстан Республикасы Ағпарат және Қоғамдық даму министрілігінің ағпарат комитетінің мерзімді баспасөз басшылығы, ақпарат агентігін және желілік басшылығы есепке қою туралы №КЗ71ҮР00043953 куәлігі берілген.
Шығу жиілігі: айына 2 рет жарық көреді

Материалдар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қабылданды.
Жарияланған фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауапты.
Қолжазбалар мен фотосуреттер лицензияланбайды және байтарапталмайды.

«Шебер Педагог» журналы №59 шілде 2024жыл

түсірісе, сол жақтым оқушылар орнынан тұра қалуы тиіс, екінші топ осында ұстап алулары керек. Ойынның мақсаты: оқушылар жылдам орнынан тұрып алдан қабілетсіз жету тиіс, екінші топ оларды аяққа ұстап алу керек. Бұл ойын оқушылардың ептілігін, жылдамдығын, тез шешім қабылдау әрекетін арттырады.	«Мен біреумен стратегиясы «Түйінді ой» стратегиясы өзін-өзі бағалау. Жаттығудың орнында тәсілдемесін бағалау	торының жанында тұрсады, біреуі дәлте біресі, екіншісі дәлте жоғарыдан екі қолмен төрт түсіруге тырысады.	Рефлексия парағы
Сабақтың соңы 5 минут.	Рефлексия 1.Сәтті шықпаны ... 2.Келесі кездемде нені ескеру керек? Оқушылар сабақ бойына пікір айтып, жетістіктер мен жіберген кемшіліктері сарқылп, келесі кездемде айыналсап, сабақты қорытындылайды.	Бүгінгі сабақтан түйені ойлары мен тұжырымына рана байланыс-ты кері байланыс жасайды.	

ҮЙ ҚҰСТАРЫ

Есім Инабат Бисенқызы
Қызылорда қаласы №57 арнайы түртісу мектеп интернатының арнайы педагогы

Күн:	09.04.2024
Арнайы педагог:	Есім Инабат
Сабақтың тақырыбы:	«Үй құстары»
Сыныбы:	3 «А»
Мақсаты:	3.1.2.4 Үй құстарымен таныстыру. Дұрыс атып білуге үйрету. Үй құстарын бір-бірімен айыра білуге үйрету. Оқушының ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу қабілетін арттыру, дұрыс, толық жауап беруге дағдыландыру.

САБАҚ БАҒАРЫ

Сабақтың жоспарланған әдістері	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	«Сендерге желілер» Мақсаты: оқушыдағы тәжірибелі сенімдерді дамыту, өзін-өзі бағалауға үйрету.	Жаттығуды дұрыс орындауға дағдыланды.		Танымал жолшыр, құмыра реті жазуға арналған парақша, суреттер, фетрден
	Бүгінгі күнмен танысу		КЕ: өзін-өзі бағалау	

75



ПЕДАГОГИКА ЖАНАШЫРЫ

Республикалық педагогикалық ғылыми журнал

қарайды жай жүреді. Бұл біршамақт күшіне және дегенді білдіретіндігіне байланысты. Дегенді білдіретіндігіне байланысты. Дегенді білдіретіндігіне байланысты. Дегенді білдіретіндігіне байланысты.

рекция жылдамдығы жақсаруы төмендейді. Сондықтан кейінгі кездерде сөздерді жылдамдығы бойынша бөлшектеу болып орындау әдісімен өзін-өзі тексеру қажеттілігі туындайды.

Жылдамдығын арттыру үшін қажетті құралдарды пайдалану қажет. Бұл құралдарды пайдалану қажеттілігі туындайды. Сондықтан кейінгі кездерде сөздерді жылдамдығы бойынша бөлшектеу болып орындау әдісімен өзін-өзі тексеру қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, педагогикалық ғылымдардың дамуына жағдай жасау қажет. Бұл жағдайды жасау қажеттілігі туындайды. Сондықтан кейінгі кездерде сөздерді жылдамдығы бойынша бөлшектеу болып орындау әдісімен өзін-өзі тексеру қажеттілігі туындайды.

ИНТЕЛЛЕКТ БУЗЫЛЫСТАРЫ БАР (АҚЫЛ-ЕСІ КЕМ) БАЛАЛАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ТҮЗЕТУ

ИНАБАТ БИСЕНҚЫЗЫ


Интеллектуалдылық бұзылыстары бар балалардың саны жылдан-жылға өсіп келеді. Бұл балалардың білім алуына және өмір сүруіне қиындықтар туғызады. Педагогикалық әдістер арқылы олардың бұзылыстарын түзету мүмкін.

Интеллектуалдылық бұзылыстары бар балалардың саны жылдан-жылға өсіп келеді. Бұл балалардың білім алуына және өмір сүруіне қиындықтар туғызады. Педагогикалық әдістер арқылы олардың бұзылыстарын түзету мүмкін.

Арнайы педагог И.Есімнің 2024-2025 оқу жылында түзету жұмыстарын жүргізу көрсеткіштеріне мониторинг нәтижелері

Оқу жылы басында мектеп оқушылары диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша 3 деңгейге (жоғары, орташа, төмен) бөлінді.

Түзету сабағына қатысатын оқушылар деңгейлері бойынша жалпы динамикасы



Түзету сабағына қатысатын оқушылар саны — 51.

Деңгей/Кезеңдер	Қыркүйек	Желтоқсан	Мамыр
I деңгей	16 оқушы - 31 %	17 оқушы - 33 %	18 оқушы - 35 %
II деңгей	11 оқушы - 22 %	11 оқушы - 22 %	11 оқушы - 22 %
III деңгей	24 оқушы - 47 %	23 оқушы - 45 %	22 оқушы - 43 %

II деңгейден 2 оқушы I деңгейге ауысты.

III деңгейден 2 оқушы II деңгейге ауысты.

Түзету жұмыстары нәтижесінде жыл соңында I деңгейдегі 4 оқушы түзету сабағынан шығарылды.

Оқушыларымен жүргізілген жұмыс бағыттары

1	Заттарды топтастыру (пішіндерді қабылдаудың даму деңгейін анықтау, нақты заттың жалпы пішінін анықтау кезінде геометриялық өлшемдерді қолдана білуі)
2	Ұсақ моторикасы (қолдың саусақ қимылдары) қарындашты, қылқаламды дұрыс ұстауда, ұсақ бөлшектермен жұмыс жасауы
3	Ірі моторикада қарапайым қимылдар мен қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындауы (жүгіру, секіру, бағыт бойынша қозғалу)
4	Ойлауды дағдылары «Равен матрицасы» бойынша Артықшылығы: тілге тәуелсіз
5	Пиктограммалар әдістемесі (Лурия бойынша) Есте сақтау мен ойлау әрекеттерін зерттейді.
6	Сюжетті суреттер әдістемесі
7	«4-артық» әдістемесі (ойлау қабілетін, талдау, салыстыру, жалпылау және артық белгіні ажырату дағдыларын анықтауға арналған диагностикалық әдістеме)
8	Зейін тұрақтылығын (қанша уақыт бойы назарын жоғалтпай ұстай алады), шоғырлануын (нақты тапсырмаға көңіл бөлу деңгейі), ауыспалылығын (бір белгіден екіншісіне тез көше алу) анықтау (Бурдон тесті (әріптер немесе сандар ішінен керегін табу)
9	Грамматикалық құрылым (сөздерді байланыстырып ,сөйлем құрау дағдысын тексеру)
10	Математикалық дағдылары
11	Айналадағы әлем туралы түсінігі

I деңгей (жоғары) оқушылары

№	Баланың аты-жөні	ПМПК қорытындысы	Сыныбы
1	Ізатілла Аль-Ғафур	Зиятының жеңіл дәрежедегі бұзылысы. Мінез –құлқының бұзылысы.	1 «А» сынып
2	Кенжебайұлы Нұрәли	Зиятының жеңіл түрдегі бұзылысы. Мінез – құлық бұзылысы ЖСТД I-II деңгейі	2 «А» сынып

3	Отарбаев Жанқожа	Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. Мінез құлық бұзылысы	4 «А» сынып
4	Нұрмахан Инабат Азаматқызы	Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. Ринолалия	4 «А» сынып
5	Ковальчук Иван	Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы	4 «А» сынып
6	Абзалқызы Назерке	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының I деңгейі.	5 «А» сынып
7	Асқарова Лиза	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының II деңгейі.	6 «А» сынып
8	Кенжебай Нұрқуатжан Болатбекұлы	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының II-III деңгейі.	5 «А» сынып
9	Жасағанберген Мұхаммедәли Айкөргенұлы	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының III деңгейі.	5 «А» сынып
10	Ковальчук Кирилл	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының II-III деңгейі.	6 «А» сынып
11	Сұлтанхан Айғаным Алматқызы	Зиятының жеңіл деңгейдегі бұзылысы.	6 «А» сынып
12	Бериков Нурдаулет Аскарлович	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының II деңгейі.	6 «А» сынып
13	Ербол Нұрбахыт Асхатұлы	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы.	6 «А» сынып
14	Оразғали Ибрагим	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының II деңгейі.	6 «Б» сынып
15	Ковальчук Константин	Зиятының жеңіл деңгейдегі бұзылысы.	6 «Б» сынып
16	Жумағалиев Мансур	Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы.	6 «Б» сынып

II деңгей (орташа) оқушылары

№	Баланың аты-жөні	ПМПК қорытындысы	Сыныбы
1	Төребекова Жанерке Сәбитқызы	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының I-II деңгейі.	1 «А» сынып
2	Сұлтан Муслима	Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	1 «А» сынып
3	Қуанышбай Айша	Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (жалпы сөйлеу тілі дамымауының II деңгейі)	1 «А» сынып
4	Жасұланқызы Жанайым	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I-II деңгейі)	1 «Б» сынып
5	Қасен Байқадыр	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы.	3 «А» сынып
6	Рахманберді Диас	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы. Мінез құлқының өзгерістерімен.	3 «Б» сынып

7	Дастанқызы Жансая	Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. Мінез құлық бұзылысы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (жалпы сөйлеу тілі дамымауының II-III деңгейі).	4 «А» сынып
8	Серік Қайырымды	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы. Мінез құлықның өзгерістерімен.	4 «Б» сынып
9	Жәнәділ Диана	Синдром Дауна. Орташа түрдегі зиятының бұзылысы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	4 «Б» сынып
10	Яхия Сулиман Мұратұлы	Дауна синдромы. Зиятының орташа түрде бұзылысы.	5 «Б» сынып
11	Тоқсан Асылан	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I-II деңгейі)	6 «В» сынып

III деңгей (төмен) оқушылары

№	Баланың аты-жөні	ПМПК қорытындысы	Сыныбы
1	Тұрғанбай Алихан	Қарым қатынас және әлеуметтік өзара іс әрекеттің бұзылысы. Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	1 «А» сынып
2	Айдосұлы Дінмұхаммед	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	1 «Б» сынып
3	Пеисов Алан Русланович	Орташа түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (жалпы сөйлеу тілі дамымауының I деңгейі)	1 «Б» сынып
4	Тойбазар Әлинұр	Орташа түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (жалпы сөйлеу тілі дамымауының I деңгейі)	1 «Б» сынып
5	Амангелді Раяна	Зиятының жеңіл түрдегі бұзылысы. Мінез – құлық өзгерістерімен.	2 «А» сынып
6	Аманбай Рахим	Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	2 «А» сынып
7	Алданазар Әлихан	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	2 «Б» сынып
8	Сағат Олжас	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы Танымдық іс әрекеттің бұзылуына байланысты оқу іс әрекетінің қалыстығы. Даун ауруы. (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	2 «Б» сынып

9	Хасен Ислам	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы	2 «Б» сынып
10	Келісқызы Аруна	Коммуникативтік эмоциональды ерік жігерінің бұзылысы. Зиятының орташа дәрежеде бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	3 «А» сынып
11	Маратқызы Жансая	Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	3 «А» сынып
12	Амангелді Нұрайым	Орташа түрдегі зиятының бұзылуы. Мінез құлық бұзылысы.	3 «А» сынып
13	Нұрыслам Айзере	Зиятының орташа дәрежедегі бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының II деңгейі)	3 «А» сынып
14	Ерболқызы Гүлсезім	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	3 «Б» сынып
15	Темірбек Хамза	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы	3 «Б» сынып
16	Ғафур Раяна	Орташа түрдегі зиятының бұзылысы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	3 «Б» сынып
17	Рүстемұлы Арслан	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы	4 «А» сынып
18	Бағдатұлы Әлинұр	Қарым қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы (детский аутизм). Интеллект жеткіліксіздігі. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	4 «А» сынып
19	Бачурин Иван	Зиятының жеңіл түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының I-II деңгейі.	5 «А» сынып
20	Мұхтарбек Ғибрат	Коммуникативтік эмоциональды ерік жігерінің бұзылысы. Орташа түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	5 «Б» сынып
21	Әлімбаев Перизат	Дауна синдромы. Зиятының орташа түрде бұзылысы. Қарым қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы. Мінез құлқының өзгерістерімен. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі)	5 «Б» сынып
22	Кульбеков Ильяс	Зиятының орташа түрде бұзылысы. (Жалпы сөйлеу тілі дамымауының II деңгейі.	5 «Б» сынып
23	Ерланұлы Дарын	Дауна синдромы. Зиятының орташа түрде бұзылысы. Қарым қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы. Сөйлеу	6 «В» сынып

